Түркістан облысы
Бәйдібек ауданы
Ағыбет ауылдық округі әкімінің ӨКІМІ

Ағыбет ауылы **№ 2** **«14» 01 2026 жыл**

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жүзеге асыру туралы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - заң) 16-бабының 4, 5, 6-тармақтарына сәйкес және "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 Бұйрығы негізінде

ӨКІМ ЕТЕМІН:

1. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды мынадай тауарларды жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру:
   - Заңның 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес «Ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» «Оқыту (үйрету/тренингтер/дайындау/қайта дайындау/ біліктілігін жоғарылату) бойынша қызметтер», «Елді мекендерде көгалдандыру және абаттандыру (Елді мекендерге билборд баннер жасату) және т/б жұмыстары», «Картридждерді толтыру бойынша қызметтер», «1С-бағдарламасын және Мекеме бағдарламасын сүйемелдеу» және сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс қимылдарды орындасын.
2. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында заң нормалары мен ережелерін сақтай отырып, шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындауға ауыл әкімінің бас маман-есепшісі Е.Қажығалиұлына тапсырылсын.
3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.
4. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Ағыбет ауылдық округі әкімінің м.у.а **А.Айтбек**